

**МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ**



Мәртөк аудандық білім бөлімі

2020ж.

**ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ**  
**«СИҚЫРЛЫ САНДАР»**  
(жүзеге асыру мерзімі 2020-2022жж.)  
Ересек тобы (4- жастан бастап)

Әзірлеуші: А.Битурина

Бағдарламаны әзірлеген: А.Битурина

«Достық» балабақшасы педагогикалық кеңесі отырысында «Сықырлы сандар» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 2 /

« 31 » 08 2020 жыл

Менгерушісі



А.Битурина

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Сықырлы сандар» атты вариативтік компонент/бағдарламасы мақұлданды.



Хаттама № 3

« 02 » 09 2020ж.

Сараптама төрайымы:

С.Балмағамбетова

(аты-жөні )

(КОЛЫ)

Ортаңғы топ тәрбиешісі А.Битуринаның

«Сықырлы сандар» атты  
вариативтік компонентіне

### ШҚІР

Мектеп жасына дейінгі балалардың ізденушілік танымдылық әрекетін дамыту мектепке дейінгі ұйымдарының өзекті мәселесіне айналып келеді. Бағдарламада кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, сызықтар, сандар қатары, қызықты жаттығулар, дидактикалық ойындар, есептер, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сандар мен оларға қолданылатын амалдар, есептер де қамтылған. Сондықтан тереңдете үйрету арқылы баланың математикалық сауаттылығы артады.

Элементтерді математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесі педогогикалық ғылымдар жүйесінде мектеп жасына дейінгі балаларды мектептегі іргелі пәндердің бірі математиканы түсінуіне, ұғынуына, тұлғаның жан-жақты дамуына әсер етеді.

Балалардың қызығушылығын танымдылық қабілеттерін, ізденушілік әрекетіне, білім алудағы белсенділігін қалыптастыруға, ой жүгіртуге, өздігінен шешім шығару білуге үйретуге көңіл бөлінуде.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту, қызықты тәжірибелермен эксперименттерді жүргізуге, шешім шығару білуге үйрету. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бағдарламасы бойынша дидактикалық ойындар сипатталған. Жаңа тақырыпты түсіндіру, оны пысықтау үшін өткен тақырыпты еске түсіріп, қайталау үшін дидактикалық ойындарды пайдалану қажет. Ойындардың мазмұны математикалық білімдерді ұғыну, геометриялық пішіндерді айыра білу, қосу, санау, салыстыру, айырмашылығын көрсету, орналастыру, тағы басқа ұғымдарын ойын арқылы жетілдіру. Балабақшада осындай дидактикалық ойындарды жүйелі түрде қолдану арқылы баланың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау қабілеттерін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу, логикалық қабілеттерін дамытуға болады. Ойын барысында баланың көңіл-күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлануға, талдау жасауға үйренуі танымдылық, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты.

Бөлім әдіскері:



М.А.Шауменова

## Түсінік хат

Балабақшаның ортаңғы тобына арналған қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламаларда балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған. Балалар сан, пішін туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс. Математикалық байланыстар мен байланыстық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру ортаңғы тобындағы балалардың көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі. Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін, ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор. Бұл бағдарлама балабақшадағы ортаңғы топтарындағы қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға қосымша балалардың математикалық білімін кеңейтіп, математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін қажет. Бағдарламада кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, сызықтар, қызықты жаттығулар, дидактикалық ойындар, есептер, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сандар мен оларға қолданылатын амалдар, есептер және геометрия элементтері де қамтылған. Сондықтан тереңдете үйрету арқылы баланың математикалық сауаттылығы артады.

«Сикырлы сандар» курс бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Мақсаты:

- Балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту,
- Балалардың ақыл-ойының математикалық сауаттылығын дамыту;
- Меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындауды жүзеге асыру.
- Математикалық байланыстар мен байланыстық туралы түсінік қалыптастыру
- Тиісті амалдарды меңгеру ортаңғы тобындағы балалардың көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі.
- Заттардың сыртқы түрлерінің ұқсастығын салыстыра білуге тәрбиелеу;
- Балаларды нақты қорытынды жасай білуге үйрету;

Практикалық іс-әрекет, ойын әрекеттерін іс жүзінде көрсету;

- Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру.

Міндеттері:

-Баланың тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойын дамытуға, баланың өмір сүруіне және болашақта мектепте қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;

-Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;

-Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;

-Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;

Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;

-Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.

Мазмұны:

-Түс және пішін;

-Сан және санау;

-Геометриялық фигуралармен танысу;

-Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындауға жаттықтыру;

-5-ке дейінгі сандарды санауға үйрету;

-Заттардың көлемдерін анықтау

**«Сықырлы сандар»( вариативтік компонент )**

**Апталық жүктеме 1**

**Сағат саны 36**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мақсаты:	Қолданылатын ойындар
1	Кеңістікті бағдарлау	2	Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі, жиын түрлі элементтерден құралатындығы туралы түсінігін дамыту	«Суретшілер» ойыны
2	Заттарды санау	2	Заттарды рет-ретімен , түсімен, топтастыра санап үйрету. Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту.	«Ненің қайда орналасқанын тап» ойыны
3	Уақыт арқылы бағдарлау	2	Танертең, түс, бесін, кеш, түн уақыт терминімен таныстыру, Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу.	«Кешкі саяхат» дидактикалық ойыны
4	Сызықтар	2	Заттардың көлемдерінің бір бірінен айырмашылықтарын математикалық терминдерді қолдана отырып , анықтап айтуға үйрету.	«Сызықтан тартып өткізу» ойыны
5	Сандар сыры	2	Балаларды айналаны тез бағдарлауға , шапшаң қимыл жасауға үйрету.	«Орнын тап» ойыны
6	«Жылдам ойлан»	1	Ойын-тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге дағдыландыру.	Фигуралардың суреттері.
7	Үштік, бестік	1	Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту	«Кім көп біледі?» ойыны
8	Сурет бойынша сызықтарды қосу	1	Балалардың көз зердесінің қалыптастыру.	«Сызықтар» ойыны

9	0 саны мен 5 цифры	1	Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу	«Сандар» ойыны
10	Салыстыру	1	Суретте және өзіне тікелей жақын кеңістікте орналасу бағытын ажырату мен атап көрсету.	«Ғажайып қапшық» ойыны
11	Жоғарыда, төмен де	2	Жоғары-төмен ұғымдарын мағына жағына айыра білуге үйрету.	«Математикалық жорықтар» ойыны
12	«Жылдам ойлан»	1	Фигуралардың суреттерін қарастыру	Ойын-тест арқылы қажетті жауапты таңдай білуге
13	Дидактикалық ойындар	1	Дидактикалық ойындарды орындау	«Жасырынбақ» ойыны
14	Геометриялық фигуралар	2	Заттарды санау, әр-түрлі белгілеріне қарай салыстыру	«Геометриялық мозайка» ойыны
15	Биік-аласа	2	Шартты өлшемнің көмегімен екі заттың көлемін (ұзындығы, ені, биіктігі) салыстыруға үйрету. Биік-аласа ұғымын балаларға түсіндіру.	«Не жоқ» ойыны
16	Қызықты жаттығулар	1	Санау дағдыларын дамыту: көкөністер мен жемістерді санау арқылы олардың тең немесе тең еместігін анықтау.	«Танграм» ойыны
17	Түс және пішін	2	Геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту, геометриялық пішіндерден бейнелер құра білуді жетілдіру.	«Ойлан тап» ойыны
18	«Біз нешеуіміз»	2	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту.
19	Логикалық тапсырмалар	1	Логикалық тапсырмаларды орындау	Не артық?
20	1-ден 5 – сандарды тура және кері санау	2	1-5 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға үйрету. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.	«Көршісін тап» ойыны
21	Математикалық жұмбақтар	1	Математикалық жұмбақтарды шешу	«Ойыншықты тап» ойыны

22	Математикалық санамақтар	1	Жылдам санау дағдыларын ұштау	«Күпия» ойыны
23	Қызықты текше	1	Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды қарай өсу және кему ретімен орналастыруды жетілдіру.	«Әрі қарай сана» ойыны
24	Таныс фигураларды ата	2	Таныс фигуралардың әртүрлі белгілеріне қарай атау. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін терминдерді қолдана білуге үйрету.	Көз зердесін, есте сақтау қабілеттерін дамыту

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Б.Ақпаева,Л.А.Лебедева.Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру . Алматы кітап баспасы.2012жыл.
2. Ұ.Жұмаділдаева.Сандарға саяхат.Алматы1997 жыл.
3. А.Құралұлы. Ұлттық дүние таным 2002жыл.
4. Б.М.Қосанов.Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар.Алматы 1998 жыл
5. «Ойнайық та ойлайық» Алматы 1996 жыл
6. А.Е. Әбілқасымова ,С.Қ.Төлеубаева «Математика сабағында ұлттық ойындар мен түрлі жанрларды қолдану»Астана 2005 жыл
- 7.Метлина Л.С.Математика в детском саду.198
- 8.Артемова Л.В.Дидактикалық ойындар.- М 199